



## ҚАРАҒАНДЫ мен ҰЛЫТАУҒА – ЖАҢА ПОЙЫЗ

**1 СӘУІРДЕН БАСТАП ҚАРАҒАНДЫ – МАҢҒЫСТАУ БАҒЫТЫНДА ЖАҢА ПОЙЫЗ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. БҰРЫН БІРНеше ПОЙЫЗҒА МІНІП-ТҮСІП, БІРІНЕН СОҢ БІРІН САҒАТТАП КҮТІП ЖҮРІП ЖЕТЕТІН ЖҰРТ ЕНДІ МАҢҒЫСТАУ МЕН ҚАРАҒАНДЫ АРАСЫНДА КЕДЕРГІСІЗ ҚАТЫНАЙТЫН БОЛДЫ.**



Бұл маршрут батыс аймағы мен Орталық Қазақстанның Қарағандыдан бөлек, Ұлытау облысын да байланыстырады. Маңғыстаулықтар мен ұлытаулықтардың алысын жақындатып, барыс-келісін жандандыра түседі. Еліміздің шеткері облысы мен орталығын жалғап отырған су жаңа пойыз сәуірдің бірінші күні жолға шығып, түбек темір жолының Маңғыстау вокзалына үшінші күні жетті. Түске қарай темір жол вокзалының алды пойызды қарсы алуға жиналғандар мен жаңа жолсапармен аттанғалы тұрған жолаушыларға толды. Түбек темір жолының басшылық құрамы, теміржолшылар, вокзал әкімшілігі, аудан әкімдігі өкілдері және ақсақалдар салтанатты түрде күтіп алды. Пойыз бригадасына,

келген жолаушыларға «қош келдіңіз» айтып, қонақжайлылық танытып бауырсағы мен шұбатын ұсынды. Түбектің Құрметті теміржолшысы Амандық Алдабергенов ақсақал батасын беріп, сәт сапар тіледі. Халық игілігі үшін осындай ізгі іске ұйытқы болып отырғандарға алғысын айтты.

– №079-080 Маңғыстау – Қарағанды, Қарағанды – Маңғыстау пойызы екі бағытта да аптаның тек тақ күндері қатынайды. Билет бағасы «КТЖ» ресми сайты мен кассаларында плацкарт үшін – 14 207 теңге, купе 21 863 теңге. Қарағандыдан кешкі сағат 19:45-те шығып, түбегке бір күннен соң түскі 12:08-де жетеді. Жолдың ұзақтығы – 40 сағат 56 минут. Кері бағытта Маңғыстаудан сағат тілі 14:34 көрсеткенде қозғалып Қарағандыға 07:30 болғанда барады. Жолсапарды ұйымдастырушы – «Ұлытау» жеке компаниясы. Жолаушыларға арналған алты-жеті вагоннан құралған бұл пойыз өңірімізбен Орталық Қазақстанның екі облысын жақындатып отыр. Жолсапар барысында Ұлытау облысының үш ірі станциясы – Жаңаарқа, Жезқазған және Қоскөл ауылы станцияларының үстімен өтеді, – дейді «Батыс» аймақтық жолаушылар тасымалының Маңғыстау телімі бастығы

Мырзабек Сүйінғарин.

Осы бағыттағы пойыздың іске қосылғаны екі арада оқу, емделу, демалу, жұмыс бабы және басқа да мақсатта қатынайтын жолаушыларға жағымды жаңалық болды. Сондай жолаушылардың бірін төркінге аттанып бара жатқан жерінен жолықтырды. Сәтбаев қаласында туып-өсіп, бүгінде маңғыстаулық атанған апамыз енді туған жеріне қиналмай жететініне риза.

– Жезқазғандағы жақындарыма бара жатырмын, тікелей пойыздың қатынайтынын естігенде қуанғанымы сөзбен жеткізе алмаспын. Мен бұл пойызды он жыл күттім. «Қашан мен де жұрт секілді бір пойызбен емін-еркін шай-тамағымды ішіп отырып жетер екенмін?» дейтінмін. Міне, арманым орындалды. Төркінімдегі той-томалаққа, жақындарымды іздеп барар болсам, Астана немесе Қызылорда арқылы, басқа да пойыздарға мініп, жолда түсіп, тағы күтіп, қиналып жүріп жететін едім. Тікелей баратын пойыздың шыққанына қуаныштымын. Енді осы пойыз тоқтап қалмай, жүріп тұрса екен. Біз сияқты тағы қаншама жолаушының жол азабы жеңілдейді, – деді қуанышын жасыра алмай.

Иә, осы жолаушы айтқандай, бұған дейін Маңғыстаудан Қарағанды бағытында тіке жетуге мүмкіндік болмады. Жолаушылар Ақтөбе, Алматы, Астана, Қызылорда арқылы кем дегенде екі пойыз ауыстырып жүріп жететін. Ендеше, халықтың қуанышы ұзағынан болсын деп тілейміз. Жаңа жолсапарға сәттілік!

Шахида ЖҰМАН



## ТРАНСКАСПИЙ БАҒЫТЫ – стратегиялық серіктестік негізі

**ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ҰНТМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН ӘРІ ДАМУЫТ, ТРАНЗИТТІК ЖҮК ТАСЫМАЛЫН ДАМУЫҒА МҮДДЕЛІ. ТАЯУДА ҚЫТАЙДА ӨТКЕН ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ ЖӨНІНДЕГІ КІШІ КОМИТЕТТІҢ 16-ОТЫРЫСЫНДА ЕКІ ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ТЕМІР ЖОЛ ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ТРАНЗИТТІК ӨЛЕУЕТТІ АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ. ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІНІҢ ӨСУІНІҢ ОҢ СЕРПІНІ ЖӘНЕ ТЕМІР ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР АТАП ӨТІЛДІ.**



Отырыс қорытындысы бойынша транзитті дамыту және тасымал көлемін ұлғайту жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарламаны әзірлеу туралы келісімге қол жеткізді. Бағдарлама шекаралық және порттық инфрақұрылымды үйлесімді дамыту, көлік-логистикалық хабарды қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ темір жол машина жасау саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді. Сонымен қатар тараптар цифрлық шешімдерді енгізуді жалғастыруға келісті.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

Тараптар Транскаспий халықаралық көлік бағытының стратегиялық маңызын атап өтіп, оны одан әрі дамытуға мүдделілігін растады, оның ішінде Ақтау және Құрық порттарының инфрақұрылымын жаңғырту, 2029 жылға қарай контейнерлік транзит көлемін 3000 пойызға дейін жеткізу көзделуде.



Жалпыұлттық экологиялық акция

## СЕРПІНДІ сенбілік өтті

Голпрох ЖЕМЕНЕЙ

**ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДА ТАЗАЛЫҚ ПЕН ТӘРТІП ОРНАСА, ОРТАҚ КҮШ-ЖІГЕРМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН АУМАҚТЫ ТЕЗ АРАДА РЕТКЕ КЕЛТІРУГЕ БОЛАДЫ. 4 СӘУІР КҮНІ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА АУҚЫМДЫ СЕНБІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ОҒАН 8 000-ҒА ЖУЫҚ ТҮРҒЫН ҚАТЫСТЫ. ІС-ШАРАНЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ДЫ РЕТТЕУ БАСҚАРМАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.**



Экологиялық акцияның негізгі мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, қала тазалығын сақтау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.

Сенбілікке Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Аббат Өрісбаев, сондай-ақ мұнай және құрылыс компанияларының қызметкерлері, экоеріктілер мен қала тұрғындары белсенді қатысты.

– Тазалық жұмыстары 15-шағынаудандағы Амфитеатр аумағынан бастап 9-шағынауданда орналасқан «I Love Aktau» шағын сәулет нысанына дейінгі аралықты қамтыды. Теңіз жағалауымен қатар, Қаракөл көлінің маңын қоқыстан тазартты. Серпінді сенбілікке еріктілер жұдырықтай жұмылды. Олардың қатарында Жаңаөзен қаласынан арнайы келген 50-ге жуық экоерікті бар. Қалалық жағалаудағы қалдықтарды сұрыптап, тазалауға Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері мен еріктілер өз үлестерін қосты. Сенбілік барысында 600 тоннаға жуық қоқыс жиналып, 95 гектар аумақ тазартылды. Осындай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді Маңғыстау облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Әсел Балманова.

Ұйымдастырушылар сенбілікке қатысқан белсенді ұжымдарға, еріктілерге және кішкентай экожаныштықтарға тәттілер мен жеміс-жидектерге толы себеттер табысты.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қаражанбасмұнай» АҚ келесі жоба бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді: «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы бойынша өндірістік басқарудың негізгі және қосалқы қызметін және жоспарланған қызмет жобалары бойынша технологиялық байланысты жұмыстарды/қызметтерді (ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға және т.б. арналған жұмыс және техникалық жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен) қамтитын қоғамдық тыңдаулар, сондай-ақ қалдықтарды басқару бағдарламалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламалары және өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары, рұқсат етілген төгінділер нормативінің жобасы (ТНЖ).

|   |   |
|---|---|
| Жобаның атауы   | «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы бойынша өндірістік басқарудың негізгі және қосалқы қызметін және жоспарланған қызмет жобалары бойынша технологиялық байланысты жұмыстарды/қызметтерді (ұңғымаларды салуға, кен орындарын жайластыруға және т. б. арналған жұмыс және техникалық жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен) қамтитын қоғамдық тыңдаулар, сондай-ақ қалдықтарды басқару бағдарламалары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар бағдарламалары және өндірістік экологиялық бақылау бағдарламалары, рұқсат етілген төгінділер нормативінің жобасы (ТНЖ).  |
| Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктер  | Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы   |
| Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күні, уақыты және орны   | Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайда өткізіледі.<br>Орны: Маңғыстау облысы., Түпқараған ауданы, Таушық ауылының Елмұханбет Х. №6 көшесі мекенжайында орналасқан «Таушық ауылында әкімінің аппараты» ММ ғимараты,<br>Күні: 20.05.2026 ж.<br>Уақыты: сағ.10:00<br>Маңғыстау облысының аумағында карантиндік режим жарияланған жағдайда, қоғамдық тыңдаулар интернет-алаңда бейнеконференц байланыс арқылы өтеді:<br><a href="https://teams.microsoft.com/d/launcher/launcher.html?url=%2F_%23%2Fmeet%2F34411311589644%3Fp%3DRKMT6pi2saXmGsmhG%26anon%3Dtrue&amp;type=meet&amp;eepLinkId=f4e3c8c4-d4b3-4feb-aaf1-c1a196d1019c&amp;directD=true&amp;msLaunch=true&amp;enableMobilePage=true&amp;suppressPrompt=true">https://teams.microsoft.com/d/launcher/launcher.html?url=%2F_%23%2Fmeet%2F34411311589644%3Fp%3DRKMT6pi2saXmGsmhG%26anon%3Dtrue&amp;type=meet&amp;eepLinkId=f4e3c8c4-d4b3-4feb-aaf1-c1a196d1019c&amp;directD=true&amp;msLaunch=true&amp;enableMobilePage=true&amp;suppressPrompt=true</a> |
| Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері  | «Қаражанбасмұнай» АҚ, 9 «А» ш/а, 4-ғимарат, «Елес» б/о., тел. 8(7292) 473046, 8(7292) 472053  |
| Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушінің немесе сыртқы тартылған сарапшылардың деректемелері мен байланыс деректері  | «Қазұпимұнайгаз» ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы, тел. 470244; «iProject» ЖШС, тел. 8701 270 6220   |
| Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы және экологиялық порталы  | <a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/">https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/</a><br><a href="https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings">https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings</a>  |
| Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжай және телефон нөмірі | Z_ISLAMGAZIYEV@KBM.KZ<br>Тел.: 8(7292) 473046,<br>A_Dzhuldybayeva@KBM.KZ<br>8 (7292) 472053   |
| Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның атауы және байланыс деректері  | Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай 8/7292/ 43-10-88 s.bazarbay@mangystau.gov.kz   |

## ДУАЛДЫ ОҚЫТУ – ТЕОРИЯ МЕН ПРАКТИКАНЫҢ ТИІМДІ ҮЙЛЕСІМІ

**ДУАЛДЫ ОҚЫТУ – БҰЛ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БІРЕГЕЙ БАҒЫТ, ОНДА СТУДЕНТТЕР ОСЫЛАЙ-ША, ОҚУ ҮРДІСІ ОҚУ ОРНЫ МЕН ӨНДІРІС ОРТАСЫН БІРІКТІРЕДІ, СТУДЕНТТІ КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕГЕ ТЕЗ БЕЙІМДЕЙДІ ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНА ДАЙЫН ЕТЕДІ.**

Қазақстанда дуалды оқытудың құрылымы арнайы нормативтік актілермен реттеледі, оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрінің «Дуалды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бар.

Дуалды оқыту жүйесінде оқытудың екі негізгі компоненті бар:

Теориялық білім беруде оқу орны тарапынан оқу пәндері, теория және кәсіби негіздер беріледі.

Практикалық дайындықта студент өндірістік ортада нақты кәсіптік тапсырмалар орындайды, соның арқасында кемшіліктерді түзеп, кәсіби дағдыларды шыңдайды.

1/3 теориялық сабақтар – университетте;

2/3 практикалық сабақтар кәсіпорында өтеді.

Бұл модельдің басты мақсаты – білім алушының нақты кәсіптік жағдайларға дайын болуы арқылы нарық талаптарына сай маман даярлау.

Дуалды оқыту студенттерге өндірістік ортаны жақсы түсіну мүмкіндігін береді, кәсіби тапсырмаларды нақты ортада орындау арқылы олардың практикалық қабілеттері айтарлықтай артады.

Көптеген жұмыс берушілер дуалды оқытудан өткен түлектерді өздерінің талаптарына икемделген маман ретінде қабылдауға ұмтылады. Бұл студенттердің алғашқы жұмысты табу мүмкіндігін жоғарылатады.

Дәстүрлі оқу жүйесінде теория құрылады да, тәжірибе кейін келеді. Дуалды оқытуда екі компонент бір уақыт дами-ды, бұл білім сапасын жақсартады.

Жұмыс берушілер оқу үдерісіне белсенді қатысады, оқу бағдарламалары нақты өндірістік талаптарға сәйкес жасалады. Бұл еңбек нарығына қажетті кадрларды даярлауды күшейтеді.

Қазақстанда бұл жүйе кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындарында енгізіліп келеді. Мысалы, Ш.Есенов атындағы университетте өндірістік серіктестермен бірлесіп дуалды оқыту бағдарламаларын іске асуда, онда студенттер нақты өндіріс процесіне қатысады. Бұл оқу процесіне практикалық элемент береді.

Университетте дуалды оқытуды өткізу үшін өнеркәсіптік кәсіпорындармен келісімдер жасап, өндірістік тәжірибе алу үшін арнайы орындар дайындалады.

Дуалды оқыту – бұл білім беру мен өндіріс арасындағы көпір. Ол студенттерге практикалық және кәсіби дағдыларды бір мезгілде дамытуға мүмкіндік береді. Бұл жүйе – заманауи еңбек нарығының талаптарына сай келетін кадрларды дайындауға, жұмысқа орналасуды жеңілдетуге және білім беру сапасын арттыруға бағытталған тиімді модель.

Қазіргі таңда құрылыс мамандығы бойынша 2,3-курс студенттері «Транстелеком» АҚ, «AntStroyService» ЖШС, «Каспий Строй Сервис» ЖШС, «Строй Алем КЗ» ЖШС, «Темір Барыс Астана» ЖШС мекемелерінде дуалды оқуда.

**Маржан СҮЙМЕНОВА,**

Ш.Есенов атындағы КТЖИУ-дің құрылыс инженеринг кафедрасының аға оқытушысы.

«МАЭК» ЖШС (Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 7-өнеркәсіптік аймақ, 65-ғимарат) «Табиғи монополиялар туралы» 27.12.2018 ж. №204-VI ҚР Заңының 25-бабының 9-тармағына сәйкес тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында 2025 жылдың қорытындысы бойынша жылу энергиясын өндіру және (немесе) жабдықтау жөніндегі тарифтік сметалардың орындалуы, магистральдық құбырлар (ауыз су, техникалық, ыстық су) бойынша су беру жөніндегі қызметтер, жылу энергиясы мен ыстық су өндіруге, ауыз су мен техникалық су өндіруге бекітілген инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есеп беру бойынша **ТЫҢДАУ ӨТКІЗЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙДЫ.**

Тыңдау **2026 жылғы 29 сәуірде сағат 15:00-де** Ақтау қаласы, 1-шағынаудан, 18/2 ғимарат «Маңғыстау облыстық ғылыми-әдістемелік және мәдени-тынығу қызмет орталығы» (Дружба МҮ) мекенжайы бойынша өткізіледі.

## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕТІНІН ХАБАРЛАЙДЫ

|   |  |
|---|--|
| Жобаның атауы   | «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-нің қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен ұңғымалар салуға арналған техникалық жобалар үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдары бойынша  |
| Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны  | 2026 жылы 15 мамырда сағат 11.00-де Қарақия ауданы, Жетібай кентіндегі «Жетібаймұнайгаз» ӨБ Орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ғимаратының мәжіліс залында. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өтеді. Конференция идентификаторы: <a href="https://teams.microsoft.com/meet/45843427350155?p=XnNwwbTKy9eQ4ellOH">https://teams.microsoft.com/meet/45843427350155?p=XnNwwbTKy9eQ4ellOH</a><br>Жиналыс идентификаторы: 458 434 273 501 55<br>Құпия код: ss3RA6zj |
| Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен контактілері  | Тұтынушы - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, БИН: 990140000483, тел. 215225,<br>e-mail: k.turkmenbaev@mmg.kz<br>Мердігер – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС «ҚазмұнайгазF3ЖИ» филиалы, БСН: 180541009170, тел. 701344, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz   |
| Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы | <a href="https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings">https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings</a><br><a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru</a>   |
| Тапсырыс берушінің электрондық поштасы  | <a href="https://www.mmg.kz">https://www.mmg.kz</a>  |
| Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері                             | Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай, тел. 46-21-31 (1210), s.bazarbay@mangystau.gov.kz  |
| Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы                                     | mangystautabigat@gmail.com   |

## «Өзенмұнайгаз» АҚ ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін ХАБАРЛАЙДЫ

|   |  |
|---|--|
| Жобаның атауы   | Кен орындарын жайластыруға арналған жұмыс жобаларға қоршаған ортаны қорғау бөлімдерімен бірге қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алу үшін «Өзенмұнайгаз» АҚ өтінімдеріне арналған материалдар   |
| Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны  | 2026 жылғы 18 мамырда сағат 11:00-де «Өзенмұнайгаз» АҚ 2-қабаттағы өндірістік блогының конференция залында. Карантин режимі жағдайында қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өтеді. Конференцияға сілтеме: <a href="https://teams.microsoft.com/meet/42982005889847?p=Pf5ks6ZlhrKRhXIGLI">https://teams.microsoft.com/meet/42982005889847?p=Pf5ks6ZlhrKRhXIGLI</a><br>Жиналыс идентификаторы: 429 820 058 898 47<br>Құпия код: 7pt9Zn2A |
| Тұтынушының және құжаттаманы әзірлеушінің аты мен контактілері  | Тұтынушы - «Өзенмұнайгаз» АҚ, БИН: 120240020997, тел. 8 (72934) 65732, e-mail: n.tokban@omg.kmg.kz.<br>Мердігер – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы «ҚазмұнайгазF3ЖИ», БСН: 180541009170, тел. 8 (7292) 701344, e-mail: E.Khamanova@kmge.kz   |
| Жобалық құжаттама орналастырылған және ескертулер мен өтінімдер қабылданатын жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсының мекенжайы | <a href="https://ndbecology.gov.kz/">https://ndbecology.gov.kz/</a><br><a href="https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru">https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/about?lang=ru</a>   |
| Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері                             | Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, жобаларды экологиялық сараптау бөлімінің бас маманы – Сабина Базарбай, тел. 8/7292/ 46-21-31 (1210) s.bazarbay@mangystau.gov.kz   |
| Ұсыныстар мен ескертулер қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасының мекенжайы                                     | mangystautabigat@gmail.com   |

**Айтанова Меруерт Узаковнаның атына берілген №432672 «Күміс алқа» кітапшасы жоғалды.**  
Тапқан адамға сүйіншісі бар, осы нөмірге хабарласуыңызды сұраймыз: **7778 560 23 88**

**«Батыс-Платина ломбард» ЖШС** кепілге қойылып қайтарылмаған мүліктің сауда-саттығын хабарлайды. Уақыты, мекенжайы: 2026 жылдың 30 сәуір күні, сағат 10.00-14.00-де, 26-22-103 кеңсе. **Сауда-саттық өткізу әдісі:** ағылшын.

**Б.Р. Коратаев** атына 23.11.2021 ж. берілген **№2311** жер учаскесін сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты **жарамсыз деп танылсын.**